



**Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

«Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы»

библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2022

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ғылыми кітапхана

**Ақпараттық - библиографиялық үрдістерді
автоматтандыру бөлімі**

«Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы»

библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2022

ӘОЖ 821
КБЖ 84(5Қаз)
Б 38

А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған библиографиялық көрсеткіш / бас. жауапты Мазылбекова И.У., құраст.: Шаншарова Г.И. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми кітапханасы. 2022. – 39 бет.

АЛҒЫ СӨЗ

XX ғасырдың басындағы ірі саяси тұлға, көрнекті қоғам қайраткері, аса ірі әдебиет теоретигі, ғұлама түрколог, жаңа қазақ тілі білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға.

А. Байтұрсынұлы – XX ғасырдың басында демократиялық бағыттағы зиялылардың көшін бастаушылардың бірі, сондай-ақ Алаш партиясы мен Алаш автономиясын құруда басты рольді атқарушылардың бірегейі болды десек артық айтқанымыз болмас.

Бір сөзбен айтқанда, ол өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім мен ғылымның дамуына, ағартушылық ісіне арнады.

Көрсеткіште А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы жайындағы материалдар енгізілді. Мұнда ақын шығармасын зерттеуге арналған еңбектер және ақынның өмірі мен шығармашылығы жайындағы жалпы әдебиеттер, естеліктер мен көркем туындылардың әдебиеттер тізімі берілген.

Көрсеткіштегі мәлімет хронологиялық тәртіппен орналасқан, ал әр жыл көлемінде – алфавит бойынша берілген.

Биобиблиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Үлкен ағартушы, ірі ғалым-лингвист, қоғам қайраткері. Сарытүбек деген жерде, қазіргі Торғай облысы, Жанкелдин ауданында 1872 жылы 5 қыркүйек айында туған. Тоғыз жасынан бастап ауыл мектебінде, кейіннен Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқиды. Одан соң Орынбордағы мұғалімдер мектебіне түсіп, оны 1895 жылы бітіреді. 1895-1909 ж. Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездеріндегі мектептерде, орыс-қазақ училищелерінде мұғалім болып қызмет атқарады. Патша өкіметінің отаршылық саясатына қарсы күресті тым ерте бастаған Ахмет Байтұрсынұлы осы үшін 1909 жылы Семей түрмесіне қамалады. Кейін қазақ жерінен тысқары жерлерге жер аударуға үкім шығарылып, ұзақ жылдар бойы “саяси сенімсіз” адам ретінде патшалық күзет қызметінің бақылауында болды.

1913 жылдан бастап “Қазақ” атты апталық газет ұйымдастырып, 1917 жылдың қыркүйегіне дейін оның редакторы болады. Ол қазақ мемлекетін қалпына келтіру үшін күрескен “Алаш” партиясы көсемдерінің бірі ретінде де белгілі. Қазан төңкерісінің жеңісінен кейін А. Байтұрсынұлы біраз уақыт алашордашылар қатарында қалды, ал 1919 жылы бірқатар ғалым-зиялыларымен бірге Кеңес өкіметі жағына өтуге мәжбүр болды. Осы жылдың маусым айында Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери революциялық комитеттің (ВРК) мүшесі болып сайланады. 1922-1925 ж. Халық ағарту

комиссариатына қарасты ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы болды, Халық ағарту комиссары болып сайланды, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің Қазақ Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып жұмыс істеді, одан соң Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің газеті “Ақ жолда” еңбек етті. 1925-1929 ж. Қазақ халық ағарту институтында дәріс оқыды, сабақ берді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті мен сөз өнерінің дамуына айрықша еңбек сіңірді. 1909 және 1911 жылдары оның көпке белгілі “Қырық мысал” және “Маса” жинақтары жарияланды. Ахаң халықтық көркем сөз өнерінің қорын жинаушы, зерттеп, бастырушы ретінде де көптеген құнды жұмыстар істеді. Ол 1923 жылы жарияланған “Ер Сайын” эпостық жырының кіріспе мақаласын және түсіндірмесін жазды, сондай-ақ “Жоқтау” деп аталатын жинақ (1926), “Әдебиет танытқыш” деп аталатын оқу құралын шығарды. Соңғы еңбек - әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы қазақ тіліндегі тұңғыш көлемді де толымды еңбек.

Ахаң қазақ балаларын ана тілінде оқыту ісіне арнап тұңғыш оқулықтар жазды. Олардың арасында: “Оқу құралы” (1912), “Тіл құралы” (1914), “Әліпби” (1914), “Жаңа әліппе” (1926-1928) және “Баяншы” (1926) деп аталатын әдістемелік оқу құралдары балаларды оқыту ісі барысында маңызды рөл атқарды. Бүкіл бір халықтың ұлттық тілін түрлеп, әдебиетін жасап, ғылымын жетілдіріп, қоғамдық санасын қалыптастырып, ойын оятқан Ахаң секілді алып тұлғалар сирек.

XX ғасырдың 30-жылдары қазақ зиялыларын жаппай қуғындаудың басталғаны мәлім. Сталиндік жазалау машинасының қармағына іліккендердің бірі де А. Байтұрсынұлы болды. 1938 жылы ол әуелі тұтқындалып, кейіннен атылды.

1988 жылы ақталды.

Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының үркердей жарқыраған жарқын шоғырының келбетті өкілдерінің бірі. Оның өмірі өз халқына деген, ел-жұртының мәдениеті мен әдет-ғұрпына деген айнымас махаббаттың айқын үлгісі.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕР.

Нақыл сөздер (Афоризмдер)- күрделі мәселелерді терең ете дәл жеткізетін ой шалымы кең, қысқа қайырымды шешен сөз. Ол - көп қырлы, түйіндеуге бай, көркемдік дәрежесі жоғары сападағы, қанатты сөз айшығы данышпан ақылдың төзінен, ой көзі айқын керінетін сөз жасаушы ұлы шебердің мүсіндеуінен шыққан іші - алтын, сырты - күміс сөз төресі. Нақыл сөздер үлгісі қазақ әдебиетінде ерте көзде-ақ ауызекі тіл өнерге, өнегеге айналған шақтан бері қалыптасқан.

- Дегендер «Мен жақсымын» толып жатыр,
Жақсылығы өзінен артылмаған...
Бәрінен тыныш ұйқтап жатқандар көп,
Ұмтылып, талап ойлап, талпынбаған.

- Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса.
- Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нық үйрету абзал.
- Бала бастауыш мектепте бар пәнді тек ана тілінде ғана оқуы керек.
- Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді.
- Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек.
- Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді.
- Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты, я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді.
- Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек.
- Жақсы әліпби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап, тұрған кең киім сияқты артық әріптері

көп әліпби де қолайсыз. Бойыңды қысып, тәніңді құрыстырып тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем әліпби қолайсыз болады.

- Тіл білімі ереже жаттату түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағына жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс.
- Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы.
- Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау.
- Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі.
- Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап.
- Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды.
- Адамға тіл, құлақ қандай керек болса... білім де сондай керек.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕР

Мұхтар ӘУЕЗОВ:

Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – “Қырық мысал”, “Маса”, “Қазақ” газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер... Ақаң – еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі – артынан келе жатқан жастар... Оның арты Ақаң мектебіне тізіліп кіріп жатқан жас буын... Қаламынан тамған бал ем болудан айнымайды.

Рымғали НҰРҒАЛИЕВ:

Ахмет Байтұрсынұлының ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

Серік ҚИРАБАЕВ:

... Қазақ даласына азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашанда тарих бетінде тұрады..

Зейнолла ҚАБДОЛОВ:

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің “Әдебиет танытқышы” арқылы қазақтың таза ұлттық топырағына егіп-өсіріп, жалпы әдебиет дегеннің болмысы мен бітімін Ахаңша

есіліп, Ахаңша көсіліп бір толғап берді. Бұл – сөз өнерінің басы, “әліп-биі”. Өйткені сөз өнерінің тек ұлттық қана емес, күллі адамбаласылық ұлы проблемалары әдебиеттің болмыс-бітімін белгілеумен ғана шектелмейді, бұдан әрі біріне-бірі тұтасып, әдеби шығарманың сыры мен сипатын парықтау, ақыр-аяғында әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жатыр. Бұларды жүзеге асыру жолын “Сөз өнерінде” былай белгілейміз: әдебиеттің теориялық мәселелерін бірыңғай қисынға ғана айналдырып, оны әлдебір қасаң ереже, кейде тіпті катал заң ретінде ұсынбай, теориялық толғамдарымызды жазушылық шеберлік мәселесімен, қажет жағдайда қаламгерлік өнердің қиын иірімдерімен ұштастыра, көркем творчествоның психологиясымен байланыстыра жүйелеп отыруымыз керек.

Сәкен СЕЙФУЛЛИН:

...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды. Халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті.

Рәбиға СЫЗДЫҚОВА:

А. Байтұрсынов – араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Бұл жазу да үстіміздегі ғасырдың 10- ншы жылдарынан бастап 20-ншы жылдардың соңына дейін (латынға көшкенше) қазақ

мәдениетіне, оқу-ағартуына жақсы қызмет етті. Байтұрсынов жасаған жаңа жазу күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді: Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан, Иран сияқты елдердегі қазақ бауырластарымыз сауаттарын осы жазумен ашып, баспа дүниелерін осы графикамен шығарады. Шетелдік бауырлас қазақтарға арнап, осы күндерде өзіміз шығаратын “Біздің Отан” атты газетіміз де Байтұрсынов реформалаған араб жазуын пайдаланады, ол ұсынған емле ережелерін ұстайды.

Зәки АХМЕТОВ:

Ахмет Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқыш” атты кітабын алсақ, бұл еңбек Ахмет Байтұрсынов қазақ тілі ғылымының негізін салумен қатар, қазақ поэзиясының теориялық мәселелерін ғылыми тұрғыдан баяндауда да көп жаңалық ашқанына дәлел бола алады. “Әдебиет танытқышта” негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор үлкен тілші-ғалым болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны түсінікті. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін оралым, қайшы оралым деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай бунақ, тармақ, шумак ұғымдарын қалыптастырады.

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1989

1. Байтұрсынов А.
Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / А. Байтұрсынов. Құраст.: Ә.Шәріпов, С.Дәуітов. – Алматы, Жазушы, 1989. - 320 бет: суретті.
2. Елеукенов Ш.
Жаңа жолдан. Сновой строки: Әдеби портреттер, зерттеулер. Литературные портреты, исследования / Ш. Елеукенов. - Алматы: Жазушы, 1989. - 320 бет.

1990

3. Алем: Альманах. Вып.1 / Абай [и др.]. - Алма-Ата: Жазушы, 1990. - 448 с. : портр., рис.
4. Ер есімі ел есінде. Возвращенные имена. - Алматы, 1990. - 74 б.
5. Сыздықова Р.
Ахмет Байтұрсынов / Р. Сыздықова. - Алматы: Білім, 1990. - 52 бет.

1991

6. Байтұрсынов А.

Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / А. Байтұрсынов; құраст. Р. Нұрғалиев. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.

7. Қордабаев Т.

Қазақ тіл білімінің мәселелері: Оқу құралы / Т. Қордабаев. - Алматы: Рауан, 1991. - 255 бет. - Библиогр.: 249 б

1992

8. Ахаң туралы ақиқат. - Алматы: Шапағат, 1992. - 110 бет.

9. Байтұрсынов А.

Тіл тағылымы: қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері / А. Байтұрсынов. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 бет.

10. Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар / Құраст. Д.Әшімханов. - Алматы: Жалын, 1992. - 544 бет.

11. Досжанов Д.

Абақты: историческая литература / Д. Досжанов. - Алматы: Қазақстан, 1992. - 288 бет.

12. Қазақ әдебиеті: Хрестоматия: X-XI кластар үшін қосымша. / Құраст. Т. Ақшолақов, Ә. Дайырова, Ә. Қанафин, С. Қалиев.: "Рауан", 1992. - 240 бет.

1993

13. Әбдіманов Ә.

"Қазақ газеті" / Ә Әбдіманов. - Алматы, 1993. - 168 б

14. Байтұрсынұлы А.

Жоқтау / А. Байтұрсынұлы. - Алматы: Қазақстан, 1993. - 93 бет.

15. Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері: (Ғылыми мақалалар жинағы) / Ред. басқ. З.Қабдолов; Құраст.Т. Қожакеев. - Алматы: Қазақ университеті, 1993. - 144 бет.

1994

16. Байтұрсынұлы А.

Жан сөзімді кім түсінер? / А. Байтұрсынұлы. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 112 бет.

17. Беріков Н.

Қазақ тілінің сабақтары: Оқу құралы / Н. Беріков. - Алматы: Ана тілі, 1994. - 176 бет.

1995

18. Джусупов М.

Фонемография А. Байтұрсынова и фонология сингармонизма: Монография / М. Джусупов. - Ташкент: УЗБЕКИСТОН, 1995. - 175 с.

19. Жарықбаев Қ.

Қазақ тәлім-тәрбиесі: Оқу құралы / Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. - Алматы: Санат, 1995. - 350 б. - Библиогр.: 347.

20. Кәкішев Т.

Кер заманның керегар ойлары: жинақ / Т. Кәкішев. - Алматы: Атамұра - Қазақстан, 1995. - 168 бет.

1996

21. Сегизбаев О.А.

Казахская философия 15-начала 20 века: историческая литература / О.А. Сегизбаев. - Алматы: Ғылым, 1996. - 472 с.

1997

22. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап. - Алматы: Ғылым, 1997. - 512 бет. - (М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты).

23. Базарбаев М.

Жүсіпбек Аймауытов мұралары / М. Базарбаев // Замана тудырған әдебиет. - Алматы, 1997. - С. 14-17б.

1998

24. Байтұрсынов А.

Әліб-бій. Жаңа құрал: оқулық / А. Байтұрсынов; Ред. басқ. У.Асыллов. - 3-ші басылуы. - Алматы: Рауан, 1998. - 120 бет.: суретті.

25. Қыдыршаев А.С.

Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы 1873-1998: оқу-әдістемелік құрал / А.С. Қыдыршаев. - Алматы: РББ, 1998. - 132 бет.

26. Мемлекеттік тіл: бүгінгі мен болашағы: А. Байтұрсынұлының 125 жылдығына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция

материалдары / Құраст.: Т.Ж.Алпысбаев, К.І.Матыжанов, Т.Р.Тұяқбаев. - Астана: Елорда, 1998. - 248 бет.

1999

27. Ұлттық рухтың ұлы тіні: Ғылыми мақалалар жинағы (қазақ, орыс, ағылшын т.б. тілдерде). - Ғылым, 1999. - 568 б.

28. Ұлттық рухтың ұлы тіні: Ғылыми мақалалар жинағы (қазақ, орыс, ағылшын т.б. тілдерде): Ғылым, 1999. - 568 б.

29. Тұрсын А.С.

Қазақ тілі: Ұстаздарға көмекші құрал / А.С. Тұрсын. - Ақтөбе, 1999. - 58 бет.

2000

30. Кадралинова М.Т.

Возвращенные имена: Обзор жизни и творчества / М.Т. Кадралинова; Отв. ред.: Ш.К.Сатпаева. - 2-е изд., доп. - Костанай, 2000. - 355 стр.

2001

31. Есенберлин І.

Мұхиттан өткен қайық / І. Есенберлин. - Алматы: І.Есенберлин атындағы қор, 2001. - 335 б.: фот.

32. Қазақ прозасы. Хрестоматия. 3-томдық. 2-том. ХІХ-ХХ ғасырлар.: Оқу құралы / Құраст.: Х.Ж.Сүйіншәлин. - Алматы: Ғылым, 2001. - 672 бет.

2002

33. Алдамжар З.

Тарих: пайым мен тағылым / З. Алдамжар. - Алматы: Арыс, 2002. - 288 бет.

34. "Бес арыс": Казахские поэты-писатели / Сост. Р.Турысбек. - Алматы: Аруна, 2002. - 11 с: ил. - (Сен білесің бе?)

35. Исмакова А.С.

Возвращение Пляды: Экзистенциальная проблематика в творчестве Ш. Кудайбергенова, А. Байтурсынова, Ж. Аймауытова, М. Жумабаева, М. Дулатова и М.Ауэзова / А.С. Исмакова. - Алматы: Ғылым, 2002. - 200 стр.

36. Қалиев С.

Ахмет Байтұрсыновтың педагогикалық мұраларын оқу-тәрбие жұмысына пайдалану / С. Қалиев, Б. Иманбеков. - Өлке, 2002. - 224 бет.

2003

37. Байтұрсынов А.

Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер / А. Байтұрсынов. - Алматы: Атамұра, 2003. - 208 бет.

38. Қалиұлы С.

Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы / С. Қалиұлы.: Білім, 2003. - 280 бет.

39. Сарсекеев К.С.

Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі: Ахмет Байтұрсынов жайлы ой түйін / К.С. Сарсекеев. - Алматы: "GAUHAR" ЖШС ГОПбк, 2003.

2004

40. Сәдуақас Н.Ә.

Қазақ фонетикасының ғылыми - теориялық негізі / Н. Ә. Сәдуақас // Жұбанов тағылымы IV Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - 2004. - 14-16 қазан, 1999. 128-133 бет

2005

41. Байтұрсынұлы А.

Бес томдық шығармалар жинағы: 3 том: Тіл құралы / А. Байтұрсынұлы. - Алматы: Алаш, 2005. - 352 б. - (Алаш мұрасы)

42. Байтұрсынұлы А.

Маса: Өлеңдер мен көсемсөздер / А. Байтұрсынұлы. - Алматы: Раритет, 2005. - 208 б. - ("Алтын қор" кітапханасы)

43. Муслимова А.З.

К вопросу актуальности применения кредитной системы обучения в непрерывном образовательном процессе Костанайского Государственного университета

им.А.Байтұрсынова. / А.З. Муслимова // Менеджмент в образовании. - 2005. - №2. - стр. 200-204.

44. Шоқым Г.Т.

Байтұрсынов А. пен Жұбанов Қ. шығармашылығындағы гендерлік тұжырымдамалар / Г.Т. Шоқым // Жұбанов тағлымы: VI Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - 2005. - 96-99 бет.

2006

45. Абсеметов М.

Сакен Сейфуллин: Председатель совета народных комиссаров Казахстана (г. Оренбург, 1922-1924) / М. Абсеметов. - Астана: Рух-пресс, 2006. - 416 с.: ил.

46. Байтұрсынұлы А.

Көп томдық шығармалар жинағы: 4 том. Әліппелер мен мақалалар / А. Байтұрсынұлы. - Алматы: Алаш, 2006. - 320 бет. - (Алаш мұрасы)

47. Байтұрсынұлы А.

Көп томдық шығармалар жинағы: 5 том. Ер Сайын 23 жоқтау мақалалар / А. Байтұрсынұлы. - Алматы: Алаш, 2006. - 288 бет. - (Алаш мұрасы)

48. Имаханбетова Р.С.

Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы (мұрағат деректері негізінде): Автореферат. 10.01.02 - Қазақ әдебиеті / Р.С. Имаханбетова. - Алматы, 2006. - 26 бет.

49. Қазақ әдебиетінің тарихы: 6-том. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті (1900-1917) / Жалпы ред. бас. А. Егеубаев, Ж. Ысмагулов. - Алматы: Қазақпарат, 2006. - 610 бет. - (Мәдени мұра)

50. Салқынбай А.Б.

Қазақтың тілші-әдіскер тұлғалары: Электрондық кітап / А.Б. Салқынбай, М.Б. Коккозова. - Алматы: Нур-пресс, 2006. - 137 бет.

51. Тарих-адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. 10-том. Түркі халықтарының тарихи ойы / Құраст.: Р.К. Нұрмағамбетова. - Астана: Фолиант, 2006. - 392 бет. - (Мәдени мұра. Тарих және этнография)

2007

52. Абдиманулы О.

Қазақ әдебиеті: Учебник для 11 классов естественно-математического направления общеобр. школ с русским языком обучения / О. Абдиманулы, С. Дюсебаев. - Алматы: Мектеп, 2007. - 224 стр.

53. Абдиманулы О.

Қазақ әдебиеті: Учебник для 11 классов общественно-гуманитарного направления общеобр. школ с русским языком обучения / О. Абдиманулы, С. Дюсебаев. - Алматы: Мектеп, 2007. - 288 стр.

54. Әбдиманулы О.

Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе / О. Әбдиманулы. - Алматы: Арда, 2007. - 296 бет. - (Тарихи тұлға тағылымы)

55. Қазақ әдебиеті. Хрестоматия: Учебное пособие для 11 классов естественно-математического направления общеоб. школ с русским языком обучения / Сост.: О. Абдиманулы, С.Дюсебаев. - Алматы: Мектеп, 2007. - 368 стр.

56. Көркемсуретті Қазақстан тарихы. Ежелгі дәуірден біздің уақытымызға дейін. 4 томдық. 3-ші том: Қазақстан ХІХ ғасырдың екінші жартысынан ХХ ғасырдың бірінші жартысына дейін. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. - 320 бет

57. Мақпырұлы С.

Қазақ әдебиеті. 1-бөлім: Оқулық / С. Мақпырұлы, Т. Сыдыков. - Астана: Фолиант, 2007. - 192 бет.

58. Нұрпейіс К.

Тарихи тұлғалар: / К. Нұрпейіс; Жауапты ред. Б.Аяған. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. - 376 бет. - (Тұлғалар)

59. Нұрышев Ғ.Ж.

ХХ ғасырдың басындағы "Алаш" қозғалысы өкілдерінің экономикалық ілімдер тарихындағы орны мен рөлі / Ғ.Ж. Нұрышев // "ХХ ғасырдың басындағы еуразия кеңістігіндегі қоғамдық-саяси партиялар мен қозғалыстар: алғышарттары, сипаты мен сабақтары" Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. - 2007. - С. 170-171 бет.

60. Телжан Шонанұлы: Шығармалар, мақалалар, зерттеулер. - Алматы: Ел-шежіре, 2007. - 368 бет. - (Алаш мұрасы)

2008

61. Байтұрсынұлы Д.
Мәңгілік мекен. Поэзия / Д. Байтұрсынұлы. - Алматы:
Жалын, 2008. - 112 бет.

62. Байтұрсынов А.
Тіл тағылымы / А. Байтұрсынов; бас ред. Е.Арын. -
Алматы: С.Торайғыров ат. ПМУ, 2008. - 172 б. - (Қазақ тіл
білімінің антологиясы)

63. Бәкір Ә.К.
Алаш қозғалысы саяси топ басшыларының әлеуметтік
көзқарасы: Оқу құралы / Ә.К. Бәкір. - Астана: Сарыарқа
БУ, 2008. - 156 бет.

64. Жұртбай Т.
Ұраным Алаш: Зерттеулер. Т.1 / Т. Жұртбай. - Алматы: Ел-
шежіре, 2008. - 472 б.

65. Калиев С.
Ыбырай Алтынсарин және Ахмет Байтұрсынов / С. Калиев
// Білім-Образование. - 2008. - №2. - 53-58 бет.

66. Төлепбергени Ж.Т.
Ғалым парасаты. / Ж.Т. Төлепбергени // Отан тарихының
келелі мәселелері атты республикалық ғылыми-теориялық
конференцияның материалдар жинағы. - 2008. - 252-254
бет.

67. Шаяхмет А.
Гордость казахского народа / А. Шаяхмет // Наука и
образование. - 2008. - №: 2. - 29-33 стр.

2009

68. "Азаттық аңсаған АЛАШ": (Ақтөбелік Алашордашылар): Ақтөбе облыстық тарихи - өлкетану музейі, 2009. - 18 бет.

69. Байтұрсынов А.

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту / А. Байтұрсынов // Ғылым. - 2009. - №: 4. - 50-52 бет.

70. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: 10 томдық. 6 том. Ұлттық тәлім-тәрбиелік ғылымдардың дамып қалыптасу тарихынан (1920 - 2000 жылдар) / Құраст.: С.Калиев, К.Аюбай. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2009. - 400 бет.

71. Нұрғали Р.

Діңгек: Екі томдық. Екінші том / Р. Нұрғали. - Алматы: Арда, 2009. - 680 бет.

72. Ісімакова А.

Алаш әдебиеттануы: жинақ / А. Ісімакова. - Алматы: Мектеп, 2009. - 560 бет.

2010

73. Әбдиманұлы Ө.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі (1900-1940): Оқу құралы / Ө. Әбдиманұлы. - Алматы: Қазақ университеті, 2010. - 156 бет

74. Әбсемет М.

"Оян , қазақ !" - қазақ елінің ұлттық идеясы. / М. Әбсемет // Жаңа Сарыарқа. - 2010. - №4-. 40-47 б.

75. Болатқызы Ш.

Ахмет Байтұрсыновтың педагогикалық көзқарасының қалыптасуына әсер еткен саяси-әлеуметтік жағдайлар / Ш. Болатқызы // Педагогика мәселелері - Вопросы педагогики. - 2010. - №2. - 55-57 бет.

76. Дукенбаева З.О.

XX ғасыр қазақ тарихының ірі тұлғасы-Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылық жұмысы / З.О. Дукенбаева, А.С. Машрапова // Қазақстан педагогикалық хабаршысы - Педагогический вестник Казахстана. - 2010. - №3. - 44-50 бет.

77. Имаханбетова Р.

Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны: (Мұрағат деректері негізінде). Монография / Р. Имаханбетова. - Астана: Педагогика-Пресс, 2010. - 304 бет.

78. Оралұлы У.

Ахмет Байтұрсынұлы. "Әдебиет танытқыш" / У. Оралұлы // Дала мен қала. - 2010. - №12. - 28 наурыз. 14 бет.

79. Сыздық Р.

Ахмет Байтұрсынұлы, Телжан Шонанұлы. "Оқу құралы" / Р. Сыздық // Дала мен қала. - 2010. - №14. - 11 сәуір. 14 бет.

2011

80. Алдабергенова М.

31 - мамыр - тарихтың жады / М. Алдабергенова // Жалын. - 2011. - №5. 34-37 бет.

81. Ашекеева Қ.

Ахмет Байтұрсыновтың білім философиясына қосқан үлесі / Қ. Ашекеева // Ізденіс - поиск. - 2011. - №3. - 209-213 бет.

82. Бердібай Р.

Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арн. оқулық / Р. Бердібай, Р. Нұрғали, Б. Ыбырайым. - өнд., толықт. 2-ші бас. - Алматы: Мектеп, 2011. - 320 бет.

83. Дискурс теориясының өзекті мәселелері: Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. 27-28 мамыр 2011 жыл. 1-том / Ред. алқа: Н.Н. Аитова, С.С. Исакова, Б.Ж. Курманова және т.б. Қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АМУ РББ, 2011. - 297 бет.

84. Дүкенбаева З.О.

Ахмет Байтұрсынов саяси мәні зор, тарихи құнды құжат - "Қарқаралы петициясының" авторы / З.О. Дүкенбаева // Қазақстан педагогикалық хабаршысы. - 2011. - №1. 80-85б.

85. Қабдолов З.

Қазақ әдебиеті: Жоғары білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арн. оқулық / З. Қабдолов, С. Қирабаев, Х. Әдібаев. - 2-ші бас., өнд. толықт. - Алматы: Мектеп, 2011. - 360 бет.

86. Қазақ балалар әдебиетінің классикалық үлгілері. Бес томдық. 1-том: Өлеңдер / құраст. Г. Орда. - Алматы: Арда, 2011. - 368 б.

87. Мақпырұлы С.

Қазақ әдебиеті: оқулық: 1 бөлім / С. Мақпырұлы. - 2-ші басылым. - Алматы: Фолиант, 2011. - 192 бет.

88. Саулембекова М.Е.

Ахмет Байтұрсынов - құқықтық мәдениет
калыптастырушы / М.Е. Саулембекова //
Этнокөркемәдениет - Этнохудожественная культура. -
2011. - №5. - 24-26 бет.

89. Хамзин М.

Қазақ рухының жоқшысы / М. Хамзин // Тіл. - 2011. - №7-
8. - с. 10-13

2012

90. Әбдиманұлы О.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқулық / О.
Әбдиманұлы. - Алматы: ҚР ЖОО қауымдастығы, 2012. -
408 бет.

91. Нұрбекова Ж.А.

Отандық әлеуметтану тарихы: Оқу құралы / Ж.А.
Нұрбекова, И.С. Сарыбаева. - Алматы: Қазақ университеті,
2012. - 98 бет.

2013

92. Айтбайұлы Ө.

Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері / Ө. Айтбайұлы. - Алматы: Абзал-Ай, 2013. - 400 бет.

93. Амандыкова С.Х.

Учебное пособие по казахской литературе для учащихся факультета подготовки со средним специальным образованием: учебное пособие / С.Х. Амандыкова, Н.А. Адырбекова, М.Б. Кыркинбаева. - 2-е изд. - Алматы: Эверо, 2013. - 304 стр.

94. Байтелесова Ж.

Ұлттың ұлы ұстазы / Ж. Байтелесова // Айқын. - 2013. - №215. - 21 қараша. 6 бет.

95. Байтұрсынұлы А.

Қазақ тіл білімінің мәселелері: / Құраст.: Ғ.Әнес. - Алматы: Абзал-Ай, 2013. - 640 бет.

96. Байтұрсынұлы А.

Өлеңдер, мысалдар, мақалалар, зерттеулер, Ахмет Байтұрсынұлы туралы естелік: / Құраст.: Е.Манаш. - Алматы: Өлке, 2013. - 240 бет.

97. Исхан Б.

Кеңестік тілдік саясаттың қазақ әліпбиіне әсері / Б. Исхан // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2013. - № 11. - 3-11б.

98. Қозыбаев С.

Егіз өрім: 1913 жылы Орынбор қаласында араб қарпімен жарық көрген-қазақтың тұңғыш қоғамдық, саяси және әдеби газеті "Қазақ" пен оның тұңғыш бас редакторы-XX ғасырдың басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі ақын, публицист, қазақ тілі білімі мен

әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың мерейтойлары биыл қатар келіп отыр / С. Қозыбаев // Егемен Қазақстан. - 2013. - Ст. 1 ақпан. - №58 (27997). 5 бет.

99. Сүлейменова Ә.З.

Ахмет Байтұрсынұлының тағылымы / Ә.З. Сүлейменова // Қазақ тілі мен әдебиеті қазақ, орыс сыныптарында. - 2013. - №6. - С. 39-41.

2014

100. Айтбайұлы Ө.

Тілғұмырлар: / Ө. Айтбайұлы. - Алматы: Абзал-Ай, 2014. - 400 бет.

101. Ниязова Ғ.М.

Ахаңның алғашқы елшілдік ұраны / Ғ.М. Ниязова // Көптілділік және мәдениеттер үнқатысымы халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. 25 сәуір 2014 жыл. - Сборник материалов международной научно-теоретической конференции "Полиязычие и диалог культур". 25 апреля 2014 года. - 2014. - 275-278 б.

2015

102. Айтбайұлы О.

Тілтану тағдыры толғандырады: А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты / О. Айтбайұлы // Егемен Қазақстан. - 2015. - №46. - 11 наурыз. 9 бет.

103. Қайдарова Г.

А. Байтұрсынұлы қазақ тілі дыбыстары жайында / Г. Қайдарова // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2015. - №: 3. – 3 бет.

2016

104. Сағадиев К.

Он томдық шығармалар жинағы. Замандастар: 8 том: Естеліктер / К. Сағадиев. - Алматы: Төрт Бөрі баспасы, 2016. - 436 бет.

2017

105. Алаш идеясы - Мәңгілік елдің ұстанымы: Алаш қозғалысының 100 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары / ред. А. М. Құлбатыр. - Ақтөбе, 2017. - 112 бет.

106. Байменова Б.С.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының педагогикалық ой-пікірлері: Оқу құралы / Б.С. Байменова. - 2-ші бас., қайта қараст. және толықт. - Алматы: Эпиграф, 2017. - 164 бет.

107. Жолтай Ж.Ә.

Алаш зиялылары һәм әліпби / Ж.Ә. Жолтай // Ақиқат. - 2017. - №: 10. - 18. бет.

108. Жүнісбек Ә.

Төл әліпби-төл жазу мәселелері: / Ә. Жүнісбек. - Алматы: Дайк-Пресс, 2017. - 232 бет.

2018

109. Аманаты Алаштың: балаларға арналған энциклопедия / автор-құраст: Т.Қ. Шаңбай.: Алаштаным, 2018. - 248 бет.

110. Иманжүсіп Р.

Портреты эпохи репрессий: учебное пособие / Р. Иманжүсіп. - Алматы: TechSmith, 2018. - 168 с.

111. Muratbek B.Q.

Қазақ әдеби тілінің тарихы. Qazaq adebi tilinin tarihy: belsendi hrestomatia. belsendi hrestomatia / M.B. Qurmanbekquzy. - Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, 2018. - 120 бет.

2020

112. Асқар И.

Аханның ұстаздығы Қарағаштан басталған / И. Асқар // Егемен Қазақстан. - 2020. - №: 230 = 1 желтоқсан. – 15 бет.

113. Дошанова А.

Қара аккумуляр дәуіріндегі өңірлік университеттің экономикалық парадигмасы / А. Дошанова // Білімді ел. - 2020. - №: 44 = 24 қараша. – 6 бет.

114. Сағымбай Ж.

Ұлт ұстазы / Ж. Сағымбай // Жұлдыз. - 2020. - №: 11. - 166-171 бет.

115. Танзенов Д.

Алаш зиялылары және ұлттық мүдде / Д. Танзенов // Ақиқат. - 2020. - Ст. №11. - 69-74 бет.

116. Үсембаева Р.Б.

А.Байтұрсынов мұралары арқылы адамгершіліктік тағылым: Монография / Р.Б. Үсембаева. - Алматы: TechSmith, 2020. - 136 бет.

2021

117. Жәмбек С.Н.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Оқу құралы / С.Н. Жәмбек, Г.С. Бөкен. - Алматы: CyberSmith, 2021. - 144 бет.

2022

118. Ақыш Н.

Ұлы ғұламаның балалар әдебиетіне қосқан үлесі / Нұрдәулет А. // Қазақ әдебиеті. - 2022. - №: 15 = 15 сәуір. - 6 бет.

119. Алдажар Г.

Ғұлама өмірінен отыз дерек / Г. Алдажар // Ақтөбе. - 2022. - №: 104 = 3 қыркүйек. – 3 бет.

120. Әбдіманапов С.

Ұлттың ұлы ұстазы / С. Әбдіманапов // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 69 = 13 сәуір. – 11 бет.

121. Әлім Қ.

Атекем-ау!: Эссе / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 169 = 6 қыркүйек. – 11 бет.

122. Әмірұлы Д.

Ұлы ғұлама - ұлт ұстазы / Д. Әмірұлы // Егемен Қазақстан.
- 2022. - №: 162 = 25 тамыз. – 12 бет.

123. Әнес Ғ.

Ғасырдан ұзақ аманат / Ғарифолла Әнес // Ана тілі. - 2022.
- №: 11-12 = 17-30 наурыз. – 6 бет.

124. Әнесұлы Ж.

Жүз жылға созылған қуғын: немесе ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туыстары мен өзінің қиын-қыстау жылдардағы тағдыры / Ж. Әнесұлы // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 23 = 3 ақпан. – 11 бет.

125. Әуезов М.

Ахаңның елу жылдық тойы / М. Әуезов // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 39 = 25 ақпан. – 4 бет.

126. Байтенова Қ.

Байтұрсыновтың әдістемесі / Қаламқас Байтенова // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 31 = 15 ақпан. – 9 бет.

127. Бейсенғалиев Б.

Ахмет Батұрсынұлының еңбектері - жөн сілтейтін нұсқаулық / Б. Бейсенғалиев // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 168 = 5 қыркүйек. – 10 бет.

128. Есенжол А.

"Адамға ең қымбаты - жұрт қамы, жұрт ісі" / А. Есенжол // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 54 = 21 наурыз. – 14 бет.

129. Жақыпов Ж.

Байтұрсынұлының зерттеуіндегі тіл мәдениеті / Ж. Жақыпов // Ана тілі. - 2022. - №: 8 = 24 ақпан - 2 наурыз. - 3 бет.

130. Жалмаханов Ш.

Ахмет Байтұрсынұлы және лингвистикалық түркітану / Ш. Жалмаханов // Ақиқат. - 2022. - №: 4 = сәуір. - 54-57 бет.

131. Жұмағұл С.

Алыптар тобының Ақбергені / С. Жұмағұл // Қазақ әдебиеті. - 2022. - №: 32 = 19 тамыз. - 6-7 бет.

132. Жұмағұл С.

Естеліктер айшықтаған алып тұлға / С. Жұмағұл // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 115 = 20 маусым. – 12 бет.

133. Имаханбет Р.

Қуғыннан көз аспаған әулиет / Р. Имаханбет // Ана тілі. - 2022. - №: 5 = 2-9 ақпан. – 3 бет.

134. Кажыбек Е.

Заветы Учителя нации / Е. Кажыбек // Казахстанская правда. - 2022. - №: 163 = 26 августа. - стр. 8.

135. Қаба Ә.

Көрнекті ақпарат: заңда оң өзгерістер бар / Ә. Қаба // Ана тілі. - 2022. - №: 8 = 24 ақпан-2 наурыз. – 3 бет.

136. Қаба Ә.

Реформатор / Ә. Қаба // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 39 = 25 ақпан. – 5 бет.

137. Қамзабекұлы Д.

"Әдебиет танытқыш" - әлемдік құндылық / Д. Қамзабекұлы // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 10 = 17 қаңтар. – 9 бет.

138. Қойшыбаев Б.

Азаттық күрескері / Б. Қойшыбаев // Ақиқат. - 2022. - №: 7
= шілде. - 22-25 бет.

139. Қыдыршаев А.

Ахаңның әдістемелік мұрасы / А. Қыдыршаев // Ақиқат. -
2022. - №: 3 = наурыз. - 22-34 бет.

140. Қыдырәлі Д.

Түркінің тілін түрлеген Ақаң / Д. Қыдырәлі // Егемен
Қазақстан. - 2022. - №: 78 = 26 сәуір. - 1,8 бет.

141. Құлабай Н.

Ахаңның батасын алған тергеуші / Н. Құлабай // Егемен
Қазақстан. - 2022. - №: 63 = 5 сәуір. – 9 бет.

142. Құлабай Н.

Ақаңның тойы - Алаштың мерейі / Н. Құлабай // Егемен
Қазақстан. - 2022. - №: 188 = 3 қазан. - 1,4 бет.

143. Құлабай Н.

Елінің ойлап ертеңін / Н. Құлабай // Егемен Қазақстан. -
2022. - №: 175 = 14 қыркүйек. – 13 бет.

144. Құлабай Н.

Сартүбектегі "Ахметтің үйі" көне жәдігер емес / Н.
Құлабай // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 116 = 21 маусым.
- 1,7 бет.

145. Құлабай Н.

Ұлт ұстазының тілдік мұрасы / Н. Құлабай // Егемен
Қазақстан. - 2022. - №: 59 = 30 наурыз. – 10 бет.

146. Қуандыққызы Б.

Қарағашта қалған із.: / Б Қуандаққызы // Егемен
Қазақстан. - 2022. - Ст. №33. – 12 бет.

147. Мадиярова М.

Қанды кезеңнің құпиясын ашқан / М. Мадиярова // Ана
тілі. - 2022. - №: 10 = 10-16 наурыз. - 2 бет.

148. Мамырбекова Г.

"Байтұрсынұлы жазуы" / Г. Мамырбекова // Ақтөбе. - 2022.
- №: 104 = 3 қыркүйек. – 3 бет.

149. Махамбет А.

Ахмет Байтұрсынұлы: Біз білмейтін деректер / Айдана
Махамбет // Ана тілі. - 2022. - №: 18 = 5-11 мамыр. – 5 бет.

150. Мұсабекқызы А.

Ахаңның еңбегін елге таныту перзенттік парызым / А.
Мұсабекқызы // Ана тілі. - 2022. - №: 20 = 19-25 мамыр. - 4
бет.

151. Оспанұлы С., Марзағалиева К.

Ахаңның аты Ақтандарда да аталған / С.Оспанұлы,
К.Марзағалиева // Қазақ тілі мен Әдебиеті. - 2022. - №: 4 =
сәуір. – 3,10 бет.

152. Райымбекова М.

Ғылыми сана болмаса, экстремистік сана күшейеді / Мөлдір
Райымбекова // Қазақ әдебиеті. - 2022. - №: 7 = 18 ақпан. - .
4-5 бет.

153. Рахымбаева Н.

Ұлттық жазудың жанашыры / Нұрсұлу Рахымбаева // Ана
тілі. - 2022. - №: 14 = 7-13 сәуір. – 3 бет.

154. Сабыров А

Ахаңның ақ жолы / А Сабыров // Егемен Қазақстан. - 2022.
- №: 146 = 3 тамыз. – 10 бет.

155. Салқынбай А.

Ұлт ұстазы және әлемдік тіл білімі / А. Салқынбай // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 40 = 28 ақпан. – 10 бет.

156. Сәдуақасұлы Ж.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті - егіз пәндер :
(А.Байтұрсынұлы шығармалары негізінде) / Ж.
Сәдуақасұлы // Ақиқат. - 2022. - №: 8 = тамыз. - 26-30 бет.

157. Сүйінкина Биалаш

Ұлтқа қызмет етудің үздік үлгісі / Биалаш Сүйінкина // Егемен қазақстан. - 2022. - №: 65 = 7 сәуір. – 13 бет.

158. Сыдыков Е.

"Сеятель разума" / Е. Сыдыков // Казахстанская правда. - 2022. - №: 168 = 5 сентябрь. – 7 стр.

159. Төлепберген Б.

Ахаңның адалдығы / Б. Төлепберген // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 127 = 6 шілде. – 1 бет0.

160. Төлепберген Б.

Ақаң және қазақ радиосы / Б. Төлепберген // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 189 = 4 қазан. – 12 бет.

161. Тілешов Е.

Қазақ ренессансы / Е. Тілешов // Ақиқат. - 2022. - №: 3 = наурыз. - 35-40 бет.

162. Уәли Б.

Ахмет Байтұрсынұлы және мемлекетшілдік мүдде / Б. Уәли // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 188 = 3 қазан. – 10 бет.

163. Ұлт ұстазының ұлы жолы // Қазақ әдебиеті. - 2022. - №: 4 = 28 қаңтар. – 11 бет.

164. Шаяхмет А
Ақындар мен Батырлар елінде / А Шаяхмет // Ана тілі. - 2022. - №: 31 = 4-10 тамыз. – 5 бет.

165. Шәкім Ж.
Ахмет тойы ел астанасында басталды / Ж. Шәкім // Ана тілі. - 2022. - №: 9 = 3-9 наурыз. – 5 бет.

166. Шулембаева Р.
Фундамент для родной словесности / Р. Шулембаева // Казахстанская правда. - 2022. - №: 74 = 20 апреля. – 9 стр.

МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз</i>	4
<i>А. Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы</i>	5
<i>Ахмет шығармаларындағы нақыл сөздер</i>	7
<i>А.Байтұрсынұлы туралы ой-пікірлер</i>	10
<i>Еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші</i>	13